

Наурыз - көктемгі жаңарудың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі

14 наурыз – Көрісу мейрамы. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп

мейрамымен құттықтап, қариялары ақ баталарын берді. Той өнсіз болмайды, сондықтан кітапхана қызметкерлерімен бірге ақ жаулықты әжелеріміз де өлең айтып, түрлі ойындарға қатысты.



тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, ағайын-туыстарға амандық-саулық, құт-береке тілейді. Міндетті түрде әр адам үш үйдің есігін ашу керек, яғни, түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі керек. Қазақ қашанда дастарқанын айрықша қастерлеген. Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарқанымыз аралас болсын, қарым-қатынассымызға сызат түспесін деген ниеттен туған.

Нұра ауданының орталық кітапханасында осы тамаша мейрамға арналған “Көрісу күні – наурыз мейрамының бастауы” атты театрландырылған әдеби-музыкалық қойылым өтті. Кітапхана қызметкерлері көрісу рәсімін өткізіп, шақырылған қонақтарға сый-құрмет көрсетті. Арнайы жайылған дастарқанға жиналғандар қауым Наурыз

Осындай «Көрісу» іс-шаралары ауданның барлық кітапханаларында ұйымдастырылды.

Көрісу — тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені, «Көрісу» салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді.

Ендеше, еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болған өз-Наурыз күні асқар таудай ақылшымыз аталарымыздың берген ақ батасы қабыл болсын! Өз-Наурыз өлемді тербеткен аналарымыздың ақ жүрегіне қуаныш пен шаттық сыйласын!

С.Жұмабеков
Нұра ауданының ОКЖ басшысы